**«6D021500-Исламтану» мамандығы бойынша философия докторы (Ph.D.) дәрежесіне іздену үшін ұсынылған Шәкизада Сырым Бауыржанұлының «Қазақ халқының дәстүрлі діни танымындағы матуриди сенім мектебінің орны мен маңызы (XIX-XX ғғ. жазба деректер негізінде)» тақырыбындағы диссертациялық жұмысына ресми рецензенттің**

# СЫН-ПІКІРІ

| р/н № | Критерийлер | Критерийлер сәйкестігі | Ресми рецензенттің ұстанымы |
|---|---|---|---|
| 1 | Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес болуы | 1.1 Ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі: | Еліміздегі ғылымның даму бағыттары басымдылықтарының ішінен – 7. Әлеуметтік және гуманитарлық ғылымдар саласындағы зерттеулерге және арнайы мамандандырылған бағыттардың ішінен – 7.2. Гуманитарлық ғылымдар саласындағы іргелі, қолданбалы, пәнаралық зерттеулер: 7.2.6. Қоғамды жаңғырту жағдайындағы дін, тарих пен мәдениеттің, әдебиет пен тілдің, дәстүрлер мен құндылықтардың ортақтығы бабына сәйкес келеді. |
| | | 1) Диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атауы мен нөмірі);<br>2) Диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның атауы) | 1) «6D021500-Исламтану» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесіне іздену үшін мемлекет бюджетінен қаржыландырылған докторантура аясында әзірленген диссертациялық жұмыс.<br>2) Диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалмаған |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | 3) Диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес (бағытын көрсету) | 3) Диссертация нақтылы мемлекеттік бағдарлама аясында орындалмаған |
| 2 | Ғылымға маңыздылығы | Жұмыс ғылымға **<u>елеулі үлесін қосады</u>**/қоспайды, ал оның маңыздылығы **<u>ашылған</u>**/ашылмаған. | Диссертация еліміздегі исламтану саласын нақты ислам ақидасы бойынша қазақ зиялыларының еңбектерін исламтанулық тұрғыдан зерттеу арқылы ғылымға елеулі үлесін қосады. Атап айтқанда Исламда білу, тану, сезіну, сену және мойындау секілді діни танымның деңгейлерінен құралған таухид ұғымының тарихи іздерін XIX-XX ғғ. жазба деректерден тауып, ханафи-матуриди доктринасындағы таухид концепциясын дәйектеу әдіснамасын Ыбырай, Шәкәрім, Ғұмар Караш секілді тұлғалардың түпнұсқа еңбектерімен салыстырып, матуридилік іліммен методологиялық арақатынасын анықтай алған. Құран кітабындағы имплицитті сипаттағы муташабиһ мәтіндерді түсінуде және түсіндіруде әлемде және елімізде сәләфи-уаһабилік бағыттағы тұлғалар мен топтар діни мәтіндерді қате антрпоморфты интерпретациялағандықтан Құдайдың трансцendenттілігін дұрыс түсінбей жүргендер жеткілікті. Осы орайда диссертант бірнеше мағынаны қамту ықтималдығы бар муташабиһ мәтіндерді дұрыс түсіну методологиясы мен осы үлгідегі діни мәтіндерге |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | | герменевтикалық талдау жасаған Әбу Мансур мен матуридилік ілім қайнаркөздеріндегі тұжырымдар және Мәшһүр, Ыбырай, Шәкәрім секілді ойшыл тұлғалардың ұстанымын көрсетеді. Зерттеу жұмысында ханафи-матуриди дереккөздеріндегі және Абай, Шәкәрім, Ыбырай, Мәшһүр Жүсіп еңбектеріндегі тәңірлік атрибуттардың классификациясын нақтылап, басты функцияларын рационалды өлшеммен бағалап, логикалық жүйеге келтіреді. Діни мәтіндердегі кейбір эсхатологиялық мәселелердің XIX-XXғғ. жазба деректердегі қайнаркөздермен үндестігі анықтаған. Диссертант зерттеу жұмысында осы тақырып аясында өзінен бұрын жазылған зерттеулермен танысып, зерттеп, өз тақырыбының маңызын аша білген. Сондай-ақ диссертанттың XIX-XX ғғ. 22 түпнұсқа жазба деректердегі қайнаркөздермен және матуридилік сенім мектебінің еңбектері негізінде теологиялық, эсхатологиялық, метафизикалық және иманға, пайғамбарлыққа қатысты мәселелерге талдау жүргізіп, исламтанушылық тұрғыдан олардың шығармаларына баға беріп қазақ халқы үшін маңыздылығын зерделеп көрсетуі құнды саналады. |
| 3 | Өзі жазу принципі | Өзі жазу деңгейі:<br>**<u>1) жоғары;</u>**<br>2) орташа;<br>3) төмен;<br>4) өзі жазбаған | Ізденушінің диссертацияны өзі жазуының деңгейі жоғары. Диссертацияның үш тарауының арасындағы логикалық байланыс пен сабақтастық ғылыми еңбектің бір қолдан шыққандығын айқындай түседі. Диссертант ойларын жақсы тұжырымдап, өзінен бұрынғы |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | | зерттеулерге орынды сілтеме бере білген. Сенім мен ізгі істер арақатынасында антропоцентристік діни сананың рөлін Әбу Мансур діни танымы және Абай Құнанбайұлы, Ғұмар Қараш, Шәкәрім Құдайбердіұлы шығармалары негізінде салыстырмалы талдау арқылы көрсетіп, рационалистік, антропоцентристік сананың рөлін көрсете білген. Сонымен қатар ғылыми еңбектің мазмұндық тұсын баяндаудағы жазу стилі ғылыми-логикалық, дәлелді, дәйекті сипатта екендігі анық байқалады. Ізденушінің ойлары оқырманға түсінікті және қисынды деген пікірдемін. |
| 4 | Ішкі бірлік принципі | 4.1 Диссертация өзектілігінің негіздемесі:<br>**<u>1) негізделген;</u>**<br>2) жартылай негізделген;<br>3) негізделмеген | Диссертацияның өзектілігі зерттеуде XIX-XX ғасырлардағы жазба деректер бойынша халқымыздың діни танымына сәйкес келетін дәстүрлі исламның бейнесін матуридилік іліммен қаншалықты үндесетінін анықтауда болып отыр. XIX-XX ғғ. діни мазмұндағы жазбалардың көбейіп, тұрақтылық пен бірқалыпқа келе бастаған сәтте әрбір дәуірдің саяси әлеуметтік, экономикалық, рухани жағдайаттарына байланысты исламның мән мазмұны қазақ халқының діни танымының қалыптасуына әртүрлі үлгіде әсер етіп отырған. XIX-XX ғасырлардағы жазба деректердің басым көпшілігі, тіпті түгелдей кітәби ақындардың араб, парсы тілдердегі дереккөздерден сусындап, қазақтың дүниетанымына сай шығармаларды төл тілде таратып, арнайы діни бағытқа басымдық беріп, еңбектерді жазуы болғанын ерекше атап өтетін жайт. Мұның негізгі себептері |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | | ретінде қазақ даласында ғылым-білімнің дамуына, ұлттық кодтың жандануына ықпал етуге қауқарлы ойшыл тұлғалардың медреселерде тәлім алып, исламдық білім беру жүйесін орнықтыруын айтсақ болады. Осы орайда Матуриди мектебінің доктринасы негізінде Жаратушы Алла ұғымының онтологиясын, пайғамбарлық пен эсхатология және көп құрылымды иман мәселесінің мәнін талдай отырып, матуридилік іліммен үндесу деңгейін анықтау зерттеуді қажет етеді. Мұның нәтижесі өз кезегінде жат, өзге елдің идеологиялары мен экстремизм, терроризм сипатындағы сан қилы қозғалыстардың құрбанына айналмаудың алдын алып, дұрыс дәстүрлі исламның платформасын қалыптастырады. |
| | | 4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындайды<br>**<u>1) айқындайды;</u>**<br>2) жартылай айқындайды;<br>3) айқындамайды | Диссертациялық зерттеу өз тақырыбына толық сәйкес келіп, оның мазмұнын терең әрі жан-жақты ашады, яғни жұмыстың мазмұны мен құрылымы диссертация тақырыбын толықтай айқындайды. Жұмыста исламдық ақида мен қазақ халқының діни танымында орын алған Алла болмысының салыстырмалы негіздері берілген. Оның ішінде матуриди сенім мектебінің таухид тұжырымдамасы мен XIX ғ. соңы мен XX ғ. басындағы қазақ дін ойшылдарының Алланың сипаттарына қатысты берген пікірлері қарастырылған. Сонымен бірге, матуридилік сенім мектебінде қолданылған ұғымдардың қазақ діни танымындағы көріністері мен түсініктері, иман мәселелеріндегі араларындағы сабақтастық тұстары |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | | берілген. Зерттеу барысы логикалық тұтастыққа негізделіп құрылған, бөлімдер арасында бірізділік сақталған, жасалған қорытындылар зерттеу мақсаты мен міндеттеріне толық сәйкес келеді және тақырып мазмұнын ашады. |
| | | 4.3. Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді:<br>**<u>1) сәйкес келеді;</u>**<br>2) жартылай сәйкес келеді;<br>3) сәйкес келмейді | Диссертацияның мақсаты мен міндеттері зерттеу тақырыбына сәйкес келеді. Диссертант XIX-XX ғасырлардағы ойшыл қазақ ақындарының шығармаларын түпнұсқа қолжазбаларға сүйене отырып, Әбу Мансур әл-Матуриди және матуриди сенім мектебіндегі барлық теологиялық, эсхатологиялық, метафизикалық, иман мәселелеріне қатысты тақырыптармен салыстырып, қазақ халқының дәстүрлі діни танымы мен ханафи-матуриди доктринасы арақатынасын анықтап, сабақтастығын саралауды мақсат еткен. Сол мақсатқа сәйкес он түрлі міндет айқындап, міндеттерді тиісті дәрежеде орындаған. |
| | | 4.4. Диссертацияның барлық бөлімдері мен құрылысы логикалық байланысқан:<br>**<u>1) толық байланысқан;</u>**<br>2) жартылай байланысқан;<br>3) байланыс жоқ | Диссертацияның барлық тараулары мен тараушалары арасындағы логикалық байланыс бар, ішкі бірлікке ие. Диссертант алдымен ислам теологиясы мен қазақ халқының діни танымындағы жаратушы Алла ұғымының онтологиясын талдаса, екінші тарауда диссертация тақырыбына сәйкес матуриди мектебіндегі метафизикалық және эсхатологиялық мәселелердің қазақ халқының діни танымындағы интерпретациясын береді. Үшінші тарауда диссертация тақырыбына орай қазақ халқы |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | | наным-сенімінің матуриди сенім мектебіндегі иман мәселелерімен сабақтастығын көрсете білген. Диссертациялық зерттеу өз тақырыбына толық сәйкес келіп, оның мазмұнын терең әрі жан-жақты ашады. |
| | | 4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидаттар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған:<br>**<u>1) сыни талдау бар;</u>**<br>2) талдау жартылай жүргізілген;<br>3) талдау өз пікіріне емес, басқа авторлардың сілтемелеріне негізделген | Диссертант ұсынған жаңа қағидаттар мен шешімдер бұрыннан белгілі шешімдермен салыстыра дәлелденген деп бағалауға болады. Аталған тақырып аясында өзінен алдында жазылған жұмыстарға сыни талдау жасап, осы тақырып аясында өзінің қосар үлесін көрсете білген. Сонымен қатар таухид концепциясын матуридилік әдіснама негізінде дәйектеп, Ыбырай Алтынсарин, Шәкәрім Құдайбердіұлы түпнұсқа еңбектеріндегі методологиясын айқындалған. Дәстүрлі діни танымдағы иман шарттарының саны Абай, Шәкәрім, Мәшһүр Жүсіп, Ыбырайдың түпнұсқа еңбектері негізінде анықталып, діни мәтіндердегі және ханафи матуридилік қайнаркөздердегі иман ету мәселелері мен имандылықты айқындайтын сенім мен ізгі істер арақатынасында антропоцентристік діни сананың рөлі Әбу Мансур діни танымында және Абай Құнанбайұлы, Ғұмар Қараш, Шәкәрім Құдайбердіұлы шығармалары негізінде салыстырмалы талдау арқылы көрсетіліп, рационалистік, антропоцентристік сананың рөлі айқындалған. Зерттеу нәтижелері өзінен бұрынғы зерттеулермен салыстырылып бағаланған. |

| | | | |
|---|---|---|---|
| 5 | Ғылыми жаңашылдық принципі | 5.1 Ғылыми нәтижелер мен қағидаттар жаңа болып табыла ма?<br>1) толығымен жаңа;<br>**2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады);**<br>3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады) | Диссертациялық жұмыстан шыққан нәтижелерге ішінара жаңа деп баға берілді. Диссертант XIX-XX ғғ. жазба деректер негізінде қазақ халқының дәстүрлі діни танымындағы матуриди сенім мектебінің орны мен маңызын зерделеген. Тарихы терең таухид ұғымының бір көрінісі ретінде XIX-XX ғасырлардағы жазба деректер бола алатындығын айқындап, ханафи-матуриди доктринасындағы таухид концепциясын дәйектеу әдіснамасы Ыбырай, Шәкәрім, Ғұмар Қараш секілді тұлғалардың түпнұсқа еңбектері бойынша салыстырылып, матуридилік іліммен методологиялық арақатынасын анықтаған. Соның ішінде XIX-XX ғасырларда қалам тербеген ойшыл тұлғалардың 22 түпнұсқа еңбектері негізінде теологиялық, эсхатологиялық, метафизикалық және иманға, пайғамбарлыққа қатысты мәселелерге талдау жүргізіп, исламтанушылық тұрғыдан олардың шығармаларына баға берілген, бүгінге дейін жарық көрген қазақ ақындарының шығармаларын, өлең жолдарын өңдеп, бірқатар академиялық еңбектерге текстологиялық, этимологиялық талдау жасаған. Осы тұрғыдан алғанда жасалған ғылыми нәтижелер ішінара жаңа деп қарастырылды. |
| | | 5.2 Диссертацияның қорытындылары жаңа болып табыла ма?<br>1) толығымен жаңа; | Диссертация қорытындыларының бірі жартылай, бірі толығымен жаңа болғандықтан, жалпы алғанда оларға ішінара жаңа деген баға берілді. Атап айтқанда қазақ халқының дәстүрлі діни танымындағы матуриди сенім мектебінің орны мен маңызын зерделеген |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | **2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады);**<br>3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады) | қорытындылар XIX-XX ғғ. жазба деректер мен осы деректерге қатысты шыққан алдыңғы зерттеулердегі тұжырымдарға негізделгендіктен ішінара жаңа деп бағаланды. |
| | | 5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген бе?<br>1) толығымен жаңа;<br>**2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады);**<br>3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады) | Диссертация жұмысының тақырыбы әлеуметтік-гуманитарлық ғылым бағытында орындалғандықтан техникалық, технологиялық, экономикалық салалармен тікелей байланыспайды. Десе де диссертацияда еліміздегі дәстүрлі ислам құндылықтарын тану мен сақтау үшін қазақ зиялыларының ислами мұрасын кеңінен зерттеу бойынша шешімдері ұсынылған және негізделген. |
| 6 | Негізгі қорытындылардың негізділігі | Барлық қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде **негізделген**/ негізделмеген (qualitative research және өнертану және гуманитарлық бағыттары бойынша) | Диссертациялық жұмыстың әрбір тарауындағы мәселелер бойынша жасалған қорытындылар ауқымды дәлелдемелерге негізделген. Қорытындылардың бір бөлігі теориялық зерттеу нәтижелеріне негізделсе, екінші бөлігі эмпирикалық зерттеудерден алынған дәлелдемелерге негізделген. |
| 7 | Қорғауға шығарылған негізгі қағидаттар | Әр қағидат бойынша келесі сұрақтарға жауап беру қажет:<br>7.1 Қағидат дәлелденді ме?<br>**1) дәлелденді**;<br>2) шамамен дәлелденді;<br>3) шамамен дәлелденбеді;<br>4) дәлелденбеді<br>7.2 Тривиалды ма? | 7.1. Диссертация жұмысында зерттеуші 5 қағидат айқындаған. Олардың әрқайсысы жеткілікті деңгейде дәлелденген.<br>7.2. Зерттеу жұмысының қағидаттары тривиалды емес. Диссертант қағидаттарды өзіндік тәсілмен, жан-жақты қарастырып қалыптастырған.<br>7.3. Диссертация жұмысында 5 қағидат жасалған. Олар салыстырмалы түрде ішінара жаңа саналады. |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | 1) ия;<br>**<u>2) жоқ</u>**<br>7.3 Жаңа ма?<br>**<u>1) ия;</u>**<br>2) жоқ<br>7.4 Қолдану деңгейі:<br>1) тар;<br>**<u>2) орташа;</u>**<br>3) кең<br>7.5 Мақалада дәлелденген бе?<br>**<u>1) ия;</u>**<br>2) жоқ | *Бірінші қағидатта* – түпнұсқа мен кейінгі басылымдардағы сәйкестікті анықтау барысында өзгешеліктер анықталып, текстологиялық талдаулар кезінде кітаптың ішіндегі мәтіндерден бөлек, ақындарға тиесілі кітаптардың атауында да қателіктер бар екендігі, мысал ретінде Шәкәрімнің, Ыбырайдың, Мұғаз Батырғалиұлына тиесілі кітаптардың атауына қатысты кейінгі зерттеушілер тарапынан шығарылған басылымдарда олқылықтар анықталған, *екінші қағидатта* – XIX-XX ғғ. тұлғаларының тек ақын, жазушы, этнограф қана еместігін, керісінше исламтану ілімдерін, нақтырақ айтқанда теологиялық-схоластикалық тақырыптарға еркін бойлай алғандығы көрсетілген; *үшінші қағидатта* – дәстүрлі исламның ғылыми-теориялық негізін дамыту идеясын айқындау мақсатында қазақ халқының ғасырлар бойы қалыптасқан дүниетанымы матуридилік іліммен үндесетіндігі тұжырымдалған; *төртінші қағидатта* – қазақтың дәстүрлі діни танымында фатализмдік түсінікті теріске шығарып, антропоцентризмдік сананы басшылыққа алып, түбіндегі шешуші рөл Құдай болғанымен де, иман, тағдыр, эсхатология, тәңірлік атрибуттардың практикалық мәніне қатысты адамның жауапкершілігі мен қарекетіне ерекше басымдылық беретіні тұжырымдалған; *бесінші қағидатта* – қазақ даласындағы мұсылмандық мектептің көрнекті өкілдеріне тән ғылыми-полемикалық әдістер мен дәйектеу методологиясы |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | | және дінге буквалистік санамен емес, рационалды қарау идеясы еліміздегі түрлі топтар мен беймәлім тұлғалардың және экстремизм, терроризмнің идеологиясымен уланғандарға төтеп бере алатын басты құрал екені тұжырымдалған.<br>7.4. Диссертация қағидаттары теория мен практикадағы қолдану деңгейі «орташа». Атап айтқанда зерттеуден алынған ғылыми нәтижелерді негізінен ислами ЖОО, ислам зерттеулері орталықтары мен өзге де салаға қатысы бар ұйымдар ауқымында кең қолдануға болады.<br>7.5. Диссертацияда көрсетілген қағидаттар талапқа сәйкес ғылыми жарияланымдар ауқымында дәлелденген. |
| 8 | Дәйектілік принципі Дереккөздер мен ұсынылған ақпараттың дәйектілігі | 8.1 Әдістеменің таңдауы – негізделген немесе әдіснама нақты жазылған<br>**1) иә;**<br>2) жоқ | Диссертациялық жұмыста әдістемелік таңдау толық негізделген, оларды жұмыстың жазылу барысынан көруге болады. Диссертациядағы зерттеулер мен талдаулар сапалық әдістер негізінде жүргізілген. Зерттеу жұмысында екінші реттік дереккөздермен қатар бірінші реттік дереккөздер де кең қолданылған. |
| | | 8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған: | Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологиялар, ғылыми зерттеулердің заманауи әдістемелерін қолданғаны байқалады. Деректерді талдау нәтижелері түрлерінде интерпретацияланған. |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | **1) ия;**<br>2) жоқ | |
| | | 8.3 Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған (педагогикалық ғылымдар бойынша даярлау бағыттары үшін нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденеді):<br>1) ия;<br>**2) жоқ** | **Диссертация жұмысының зерттеу нысаны эксперименттік зерттеулерді қажет етпеді. Теориялық қорытындылар нақты исламтанулық және деректанулық зерттеулермен дәлелденіп расталған.** |
| | | 8.4 Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен **расталған** / ішінара расталған / расталмаған | **Диссертант зерттеу жұмысында ұсынған ой-тұжырымдарын шетел және Қазақстан зерттеушілерінің еңбектеріне сілтеме беру арқылы негіздеген. Диссертация жұмысында исламтанулық және деректанулық зерттеуден жинақталған бірінші реттік дереккөздерді ғылыми талдау негізінде маңызды әрі дәйекті мәлімдемелер жасалған.** |
| | | 8.5 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға **жеткілікті** / жеткіліксіз | **Диссертациялық жұмыста сала бойынша жазылған әдебиеттерге жеткілікті деңгейде ғылыми айналымда бұрын-соңды болмаған әдебиеттерге шолу жасалынған. Әдебиеттік шолу ислам ақидасы саласындағы қолжазбаларға қатысты әдебиеттермен қатар, соңғы жылдары жазылған ғылыми мақалалар мен зерттеу жұмыстарын қамтыған. Оның ішінде** |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | | аталған тақырып аясында ізденген зерттеушілердің еңбектеріне арнайы шолу жасалған. Ізденуші әдебиеттерге кешенді шолу жүргізу арқылы диссертация тақырыбының өзектілігі мен ғылымға қосар үлесін жақсы негіздеген. |
| 9 | Практикалық құндылық принципі | 9.1 Диссертацияның теориялық маңызы бар:<br>**1) ия;**<br>2) жоқ | Диссертацияның теориялық маңызы жоғары бағалануға лайық. Зерттеу нәтижелерінен теориялық тұжырымдар мен қорытындылар Қазақстандағы төл исламтану мектебінің қазақ халқының дәстүрлі діни танымы бойынша қалыптасуына негіз бола алады. Әлемде ең үлкен сенім мектебі ретінде саналатын матуридилік ілімнің қазақы мұсылмандық мектеппен үндескен үлгісінің ғылыми тұрғыдан зерттеліп ұсынылуы аса маңызға ие. Осы бағытта Орталық Азия халықтарының, олардың мәдениеті мен дінін, құқықтық, әдет-ғұрыптық тұрғысынан зерттеуге көңіл бөлген тұлғалар дереккөз ретінде пайдалана алады. |
| | | 9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары:<br>**1) ия;**<br>2) жоқ | Диссертацияда қол жеткізілген ғылыми нәтижелердің практикалық маңызы жоғары. Зерттеу жұмысынан шыққан қорытындылар еліміздегі исламтану саласының дамуына маңызды ұсыныстарды қамтыған. Жасалған теологиялық тұжырымдар мен ғылыми нәтижелерін дінтану және исламтану мамандықтары бойынша жоғары оқу орындарында, медресе-колледждерде, арнайы діни салада зерттеулер жүргізетін орталықтар мен институттарда оқу құралы немесе дереккөз ретінде пайдалануға болады. |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | 9.3 Практикалық ұсыныстар жаңа болып табылады?<br>1) толығымен жаңа;<br>**<u>2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады);</u>**<br>3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады) | Диссертациялық жұмыстағы практикалық ұсыныстарды «жартылай» деп қарастыруға болады. Ханафи-матуриди доктринасындағы таухид концепциясын дәйектеу әдіснамасы Ыбырай, Шәкәрім, Ғұмар Қараш секілді тұлғалардың түпнұсқа еңбектерімен салыстырылып, матуридилік іліммен методологиялық арақатынасын анықтау бойынша жасалған талдаулар толығымен жаңа деп бағаланады. Муташабиһ мәтіндерді дұрыс түсіну методологиясы мен осы үлгідегі діни мәтіндерге герменевтикалық талдау жасаған Әбу Мансур мен матуридилік ілім қайнаркөздеріндегі тұжырымдар және Мәшһүр, Ыбырай, Шәкәрім секілді ойшыл тұлғалардың ұстанымы көрсетіліп, эсхатологиялық тақырыптар матуриди сенім мектебі мен дәстүрлі діни таным негізінде бірізділікке қойылып, жүйелендірілді және XIX-XX ғғ. қалам тербеген ойшыл тұлғалардың 22 түпнұсқа еңбектері негізінде теологиялық, эсхатологиялық, метафизикалық және иманға, пайғамбарлыққа қатысты мәселелерге талдау жүргізіліп, исламтанушылық тұрғыдан олардың шығармаларына баға берілді. Осы аталған жағдайларға байланысты зерттеуден шыққан ұсыныстарға жартылай жаңа деген баға бердік. |
| 10 | Жазу және ресімдеу сапасы | Академиялық жазу сапасы:<br>**<u>1) жоғары;</u>**<br>2) орташа;<br>3) орташадан төмен; | Диссертацияны жазудағы академиялық жазу сапасы жоғары болып табылады. Автор теориялық және деректік мәліметтерді талдауда ғылымда мойындалған әдіснамаға сүйене отырып, ғылыми стильде баяндаған. |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | 4) төмен. | Диссертациялық мәтін ғылыми нормаларға сәйкес жазылған. |
| 11 | Диссертацияға ескертулер | | -диссертацияда Аллану көру (113 б.) тақырыбында сопылық таным жолдары неге қарастырылмаған?<br><br>*«Шайх Нажмуддин Кубра (Алла оған рахмет етсін!): «Әрбір істе шариғат, тариқат және хақиқат бар. Сопылықта да бұлар бар (муридтік жол). Шариғатта ілім мен іс, тариқатта көңілдердің ашылуы және хал, хақиқатта Хақ Тағаланың дидарын мүшәхада ету, сонымен қатар Жаратушымен жүздесу бар» дейді. (Қожа Ахмет Ясауидің «Мират'ул-Кулуб» еңбегінен үзінді (114 б.).*<br><br>- диссертация жоспарында 2.2.1 мен 2.2.2. тарауша тақырыптары: «Тауассул», «истиғаса» сөздерінің этимологиясы» және «Тауассул», «истиғаса» сөздерінің онтологиясы» (116 б.) тараушаларын біріктіру қажет деген пікірдемін.<br><br>Әрине, диссертация тың тақырыптардың біріне арналғандықтан, бұл ескертпелер жалпы диссертацияның ғылыми негізіне ешбір нұқсан келтірмейді. |
| 12 | Докторант мақалаларының зерттеу тақырыбы бойынша ғылыми деңгейі (диссертация | | Докторант мақалаларының зерттеу тақырыбы бойынша ғылыми деңгейі жеткілікті |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | мақалалар сериясы нысанында қорғалған жағдайда ресми рецензенттер докторанттың зерттеу тақырыбы бойынша әр мақаласының ғылыми деңгейін зерделейді) | | |
| 13 | Ресми рецензент пікірінің қорытынды шешімі: | | **«6D021500-Исламтану» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесіне іздену үшін ұсынылған Шәкизада Сырым Бауыржанұлының «Қазақ халқының дәстүрлі діни танымындағы матуриди сенім мектебінің орны мен маңызы (XIX-XX ғғ. жазба деректер негізінде)» тақырыбындағы диссертациялық жұмысына философия докторы (PhD) дәрежесін алуға ұсынамын.** |

**Ресми рецензент:**
Халықаралық туризм және меймандостық университетінің қауымдастырылған профессоры,
философия ғылымдарының кандидаты
(жұмыс орны, ғылыми дәрежесі) ________________________ **Қ.Р. Қаратышқанова**

«ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ТУРИЗМ ЖӘНЕ МЕЙМАНДОСТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ» КОММЕРЦИЯЛЫҚ ЕМЕС АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫ * НАО «МЕЖДУНАРОДНЫЙ УНИВЕРСИТЕТ ТУРИЗМА И ГОСТЕПРИИМСТВА» * ӘКІМШІЛІК БӨЛІМІ

қолын РАСТАЙМЫН
ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ТУРИЗМ ЖӘНЕ МЕЙМАНДОСТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ КОММЕРЦИЯЛЫҚ ЕМЕС АҚ
Әкімшілік бөлімінің басшысы